


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY



ISSN 2616-6429
KAZPOST 76085



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК НАУКИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА
SOUTH KAZAKHSTAN SCIENCE HERALD

№ 4 (32) 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND OF HIGHER EDUCATION THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК НАУКИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА
SOUTH KAZAKHSTAN SCIENCE HERALD**



№4 (32)

ШЫМКЕНТ 2025

ISSN 2616-6429

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ ЖАРШЫСЫ

ВЕСТНИК НАУКИ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА

SOUTH KAZAKHSTAN SCIENCE HERALD

№4 (32) 2025

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Ахмед-Заки Д.Ж. - М. Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма төрағасы-ректор, т.ғ.д., профессор.

Редакциялық алқа мүшелері: Сүлейменов Ұ.С. – ҒЖ және И жөніндегі проректор, т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Изабелла Новак – х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Аврамов К.В. – т.ғ.д., профессор, «Харьков политехникалық институты» ұлттық техникалық университеті, Украина; Соловьев А.А. – ф.-м.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Емелин А.В. – ф.-м.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей; Богуслава Леска - х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Полина Прокопович – PhD, Кардифф университеті, Ұлыбритания; Меор Мохаммед Фаред – қауымдастырылған профессор, Путра Малайзия университеті, Малайзия; Ивахненко А.П.- PhD докторы, профессор, Мұнай зерттеу орталығы, Хериот-Ватт университеті, Ұлыбритания; Сучкова Е.П. – т.ғ.к., доцент, "Үшінші мыңжылдық биотехнологиясы" халықаралық ғылыми орталығы, Ресей; Елизавета Фаслер-Кан - PhD докторы, профессор, Базель университеті, Австрия; Радюк С.Н. - PhD докторы, ассоциациялық профессор, Оңтүстік методистік университеті, АҚШ; Жонго Ок - PhD докторы, профессор, Сеул ұлттық техникалық университеті, Корея; Евлаш В.В. – т.ғ.д., профессор, Харьков мемлекеттік азық-түлік технологиясы және сауда университеті, Украина; Потапов В.А. – т.ғ.д., профессор, мемлекеттік биотехнологиялық университеті, Украина; Марфенин Н.Н. - б.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Сайдаматов Э.М. – ф.-м.ғ.к., доцент, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Ташкент филиалы, Өзбекстан; Каримов Э.Ё. – б.ғ.к., бас ғылыми қызметкер, Өзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы өсімдіктердің генетикасы және тәжірибелік биологиясы институты, Өзбекстан; Адилев Б.Ш. - б.ғ.к., бас ғылыми қызметкер, Өзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы өсімдіктердің генетикасы және тәжірибелік биологиясы институты, Өзбекстан; Мирзаев Ш.Ш. – з.ғ.к., доцент, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Ташкент филиалы, Өзбекстан; Муродова С. -б.ғ.д., профессор, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің Жизақ филиалы; Жұрынов М.Ж. - х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Чоманов У.Ч. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰЖҒА академигі, Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан; Рскелдиев Б.А. – т.ғ.д., профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, Алматы технологиялық университеті, Қазақстан; Таева А.М. - т.ғ.д., доцент (қауымдастырылған профессор), Алматы технологиялық университеті, Қазақстан; Тултабаева Т.Ч. - т.ғ.д., доцент, ҚР АШҒА академигі; Касенов А.Л. - т.ғ.д., профессор, Шәкәрім университеті; Амирханов К.Ж. - т.ғ.д., профессор, Шәкәрім университеті; Тимурбекова А.К. – т.ғ.к., профессор, ҚазҰАЗУ, Қазақстан; Тултабаев М.Ч. - т.ғ.д., профессор, Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Қазақстан; Айменов Ж.Т. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰЖҒА академигі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Исмаилов Б.Р.– т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жантасов К.Т.– т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Надилов К.С. – х.ғ.д., профессор; М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жекеев М.К. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Назарбекова С.П. – х.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Протопопов А.В. -т.ғ.д. профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Таймасов Б.Т. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Волненко А.А. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Голубев В.Г.–т.ғ.д., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Сәрсенбі Ә.М. – ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Туленов А.Т. - т.ғ.к., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан.

**ХИМИЯЛЫҚ ИНЖЕНЕРИЯ
ХИМИЧЕСКИЙ ИНЖИНИРИНГ
CHEMICAL ENGINEERING**

ӘОЖ 581.5

<https://doi.org/10.54251/2616-6429.2025.04.n01>

Г.Т. Бозшатаева*, **Г.К. Турабаева**, **А.Т. Байкенжеева**
б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
п.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
б.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
***Корреспондент авторы:** bozshataeva69@mail.ru

УРБАНОФЛОРАНЫҢ ҚАЛА ЖАҒДАЙЫНА БЕЙІМДЕЛУІ

Түйін

Мақалада Шымкент қаласының урбанофлорасында жүргізілген зерттеулер негізінде өсімдіктердің қала ортасына әсері және өздерінің де осы жағдайларға бейімделу процестері қарастырылған. Қала жағдайында экологиялық ахуалды жақсартуда урбанофлораның маңызы зор. Қала урбанофлорасында канцерогенді заттар мен шаңды сіңіретін, оларға төзімді өсімдік түрлерін анықтау мен өсіру өзекті мәселе болып табылады. Себебі, өсімдіктер, әсіресе, ағаштәрізді өсімдіктер эоклиматты түзу, ауадағы заттарды тұндыру қызметтерін атқарады. Урбанофлораның қала ортасына әсері олардың ауаны тазалау, температуралық режимді реттеуге, топырақты қорғау мен биоалуантүрлілікті сақтаудағы рөліне байланысты анықталады. Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегі қорытындылар жасалды: қала ортасына бейімделу өсімдіктердің құрылысының көрсеткіштерінің өзгеруі арқылы жүреді, салыстырмалы түрде таза аулада өскен Сирень өсімдігінің лептесіктерінің саны – 162, ал автомагистраль бойында өсетін өсімдіктердің лептесіктерінің саны – 95 құрады; урбанофлора қала ортасының температуралық режиміне әсер етеді, өсімдіктер ауа температурасын 2-4 градусқа төмендетеді; өсімдіктер шаңды сіңіре отырып, ауаны тазартады, Сирень өсімдігінің жапырағының құрылыс ерекшеліктеріне байланысты қарағашпен салыстырғанда шаңды көбірек сіңіретіндігі анықталды.

Кілттік сөздер: қала ортасы, урбанофлора, температуралық режим, устыцелер, бейімделу, сирень, қарағаш, өсімдік жамылғысы, шаңдану, дендрофлора

Кіріспе. Қазіргі қоғамның дамуында қалалардың агломеррацияларының іріленуі үздіксіз жүріп отыр. Адамдардың мегаполистерге қарай қоныс аударуы, қалалардың инфрақұрылымдарының жетілуі мен өндіріс орындарының дамуы қоршаған ортаға әсер етеді. Бұл экологиялық жағдайлардың шиеленісуіне әкеледі. Қарқынды урбанизация процесі экологиялық мәселелердің туындауының, атап айтқанда ауа-райының көрсеткіштерінің өзгеруіне, қоршаған ортаның ластануына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің көптүрлілігінің кемуіне әкелуде [1-3].

Қала жағдайында экологиялық ахуалды жақсартуда урбанофлораның маңызы зор. Әсіресе, мегаполистердің ауа, топырақ ортасын сауықтыру мен тазартуда жасыл желектердің орны ерекше. Қала урбанофлорасында канцерогенді заттар мен шаңды сіңіретін, оларға төзімді өсімдік түрлерін анықтау мен өсіру өзекті мәселе болып табылады. Себебі, өсімдіктер, әсіресе ағаштәрізді өсімдіктер эоклиматты түзу, ауадағы заттарды тұндыру қызметтерін атқарады [4].

Жұмыстарының мақсаты урбанофлораның қала ортасына бейімделуі мен оған өзінің әсерін зерттеу болып табылады.

Зерттеу объектілері ретінде Шымкент қаласының территориясында өсетін, урбанофлораның құрамына кіретін кең таралған өсімдіктер Кәдімгі сирень және қарағаштар,

Шымкент дендрологиялық бағының өсімдіктері таңдап алынды.

Шымкент қаласының аумағындағы өсімдіктердің фотосинтетикалық аппаратына, атап айтқанда лептесіктердің санына, күйіне қала ортасының әсері мен өз кезегінде өсімдіктер жамылғысының қала ортасының температуралық режиміне әсерін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қала ортасының ерекшеліктерінің бірі – бұл «жылу аралдары» құбылысы, урбандалған жүйенің температурасы ауылдық елді мекендермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болуымен сипатталады. Бұл тас және шыны, пластик құрылыс материалдарынан салынған биік ғимараттар, асфальт, бетон жамылғылардың жазда күннен қызып кетуі, урбанофлораның жеткіліксіздігінің салдары болып табылады.

Ал, қыста керісінше өсімдіктер ауылдық жерлермен салыстырғанда температуралық режимінің төмен болуынан зардап шегеді. Себебі, қалаларда түскен жапырақтарды сыпырып әкету арқылы ағаш тамырларының қосымша жылу көзінен айырылады. Ғалымдар көрсетуі бойынша асфальт жабынының қасиеттерінің ерекшелігіне байланысты ол топырақтың -13 градусқа дейін тоңуына әкеледі, бұл өз кезегінде қалада өсетін өсімдіктердің тамырларына қолайсыз әсер етеді.

Шымкент қаласының жасыл желегін қалыптастыруға бағытталған бірқатар жобалар жүргізілуде. Бірақ қаланың орналасу орнының ауа-райына байланысты, су тапшы аймақ және температуралық режимнің жоғары болуына байланысты мәселелер туындайды. Сонымен қатар Қазақстан қалаларына тән экологиялық мәселелердің негізгісі ретінде - ауа бассейнінің ластануы Шымкент қаласы үшін де өзекті болып табылады.

Зерттеу әдістері мен нысаны. Урбанофлора қала ортасының жағымсыз әсеріне ұшырай отырып, оған бейімделеді. Олар қоршаған ортадағы экологиялық өзгерістерге құрылысындағы, тіршілік процесстеріндегі және т.б. өзгерістер арқылы жауап береді.

Зерттеу жұмыстарында қала ортасының әртүрлі ластану деңгейіндегі аумақтарында өсетін өсімдіктер және салыстырмалы түрде таза аудандар ретінде магистральды жерлерден алыс аулада және дендрологиялық саябақта өсетін өсімдіктер таңдап алынды. Қала территориясында өсетін сирень өсімдігінің жапырақтарындағы устьицалардың саны мен күйі зерттелді. Ластанған және таза аумақтардан жиналған жапырақтар арнайы ыдыстарға салынып, алынған жері туралы белгілер қойылады. Устьицалар саны микроскоп арқылы зерттелді. Бір мм куб аудандағы устьица саңылауларының саны мен күйі, мөлшері есепке алынды. Әрбір зерттеу аумағынан алынған жапырақтардағы устьицалардың орташа саны, орналасуы, күйі тіркеліп отырды.

Урбанофлораның қаланың жылулық режимінде температураны төмендетуге әсерін зерттеуге бағытталған тәжірибелер жасалды. Арнайы инфрақызыл термометрдің көмегімен жасыл желек бар аймақ ретінде дендрологиялық саябақ пен ашық бетон не асфальтты магистральдардың жанындағы температуралық режим өлшенді. Температура күндізгі уақытта он екі мен он бес сағат уақыттарында өлшенді.


Магистральдар мен өндіріс орнына жақын жердегі және салыстырмалы түрде таза трассадан алыс аула мен дендросаябағындағы өсімдіктердің жапырақтарында жиналған шаңның мөлшері есепке алынды.

Нәтижелер мен талқылау. Устрицалардың жұмысы циркадтық ритмдерге бағынады [5]. Олардың ашылып-жабылуы, саны, күйі қоршаған ортаға бейімделуі барысында өзгеруі мүмкін. Зерттеу аумақтарынан жиналған жапырақтардағы устьицалардың орташа санын есептеп, 1-ші кестеге енгізіліп отырды.


Кесте 1 – Зерттеу аумағынан жиналған Кәдімгі сиреннің жапырағындағы устьицалардың орташа саны

Зерттеу аумағы	Жапырақтың астыңғы эпидермисіндегі устьицалардың саны, 1 мм ³	Жапырақтың үстіңгі эпидермисіндегі устьицалардың саны, 1 мм ³
Автомагистраль бойынша өскен Кәдімгі сирень өсімдігі	95	36
Көшеден алыс аулада өсетін Кәдімгі сирень өсімдігі	162	54


Кестедегі көрсеткіштер мен 1-ші суреттен таза аумақтардың өсімдігінің жапырақтарындағы лептесіктер саны, автомагистральдардың бойында өскен өсімдік жапырақтармен салыстырғанда, көп екенін көрсетті.



Сурет 1. Зерттеу аумақтарында өсетін Сирень өсімдігінің жапырақтарындағы устьицалардың орташа саны




А




Б

Сурет 2. Автомагистраль бойында өскен Сирень өсімдігінің устьицалары: А- жапырақтың астыңғы эпидермисі, Б- жапырақтың жоғарғы эпидермисі



А



Б

Сурет 3. Көшеден алыс, аулада өскен Сиреннің устьицалары: А- төменгі эпидермистегі устьицалар, Б- жоғарғы эпидермистегі устьицалар


Зертте нәтижелері қала ортасына өсімдіктердің бейімделетінін көрсетеді. Белсенді көлік қозғалысы болатын көшенің жағасында өсетін урбанофлора өкілдерінің, нақтылағанда, Сирень өсімдігінің лептесіктерінің саны кемітіндігін көруге болады, яғни бұл өсімдіктердің қоршаған ортаның ластануы мен транспирацияның жылдамдығын реттеуінің қажеттілігімен түсіндіріледі.

Лептесіктердің қозғалысын шаң мен ауадағы газдар бітеуі мүмкін. Ал автомагистральдардан алыс, қорғалған ауладағы өскен Сирень өсімдігінің жапырақ тақтасындағы лептесіктердің санының көп болуы анықталды, яғни бұл мұнда газ алмасуға кедергінің аз болуымен түсіндіруге болады.


Устицалардың жағдайы қоршаған орта сапасының индикаторы ретінде қолданылуы мүмкін.

Урбанофлораның қала ортасының температуралық режиміне әсерін зерттеу мақсатындағы зерттеулер ашық және айтарлықтай ыстық ауа-райы жағдайында жүргізілді.


Шымкент қаласының белсенді көлік қозғалысымен сипатталатын автомагистраль аумағы мен дендрологиялық бақ зерттеу территориясы ретінде таңдап алынды. Өлшеулер түскі 13-00 уақытында жүргізілді. Өлшеулер 3-рет қайталанды. Өлшеулер 4 және 5 суреттерде көрсетілген.



А



Б



С

Сурет 4. Шымкент дендрологиялық бағындағы әр түрлі нүктелердегі температуралық көрсеткіштері: А – жасанды көл жағалауындағы температура; Б – ағаштардың акөлеңкесіндегі жердің температурасы; С- дендрологиялық бақтағы жүгіру жолының температурасы

температурасын 2-4 градусқа төмендетеді; өсімдіктер шаңды сіңіре отырып, ауаны тазартады, Сирень өсімдігінің жапырағының құрылыс ерекшеліктеріне байланысты қарағашпен салыстырғанда шаңды көбірек сіңіретіндігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Төлеуова А.М. Урбанизация: әлеуметтік және экономикалық аспектілері. Шымкент: Оңтүстік полиграфия, 2021, 215 б.
2. Қалмырзаев Ж.К. Урбанизация және тұрақты даму. Қарағанды: Болашақ, 2021, 178 б.
3. Есенбекова А.Т. Қала экологиясы және урбанизация үдерістері. Тараз: ТарМУ баспасы, 2022, 204 б.
4. Оспанова Г.С. Экология. 2-том. Оқулық. Алматы: New book, 2021, 264б.
5. Гуляева Е.Н. Адаптация фотосинтетического аппарата растений к условиям приморских территории Белого моря. Диссертация биол. ғылым.канд. Петрозаводск, 2022, 139б.
6. Тарасова Ж.Г. Пылезадерживающая способность листьев древесно-кустарниковых пород в связи с созданием санитарно – защитных насаждений //Бюл. Ботан. сада, 2023, Б. 71 - 76
7. Our World in Data. Urbanization. – <https://ourworldindata.org/urbanization>. -03.06.2025

References

1. Toleuova A.M. Urbanizaciya: aleumettik zhane ekonomikalyk aspektileri. Shymkent: Ontustik poligrafiya, 2021, 215 b.
2. Kalmyrzaev Zh.K. Urbanizaciya zhane tyrakty damu. Karagandy: Bolashak, 2021, 178 b.
3. Esenbekova A.T. Kala ekologiyasy zhane urbanizaciya yderisteri. Taraz: TarMU baspasy, 2022, 204 b.
4. Ospanova G.S. Ekologiya. 2-tom. Okulyk. Almaty: New book, 2021, 264b.
5. Gulyaeva E.N. Adaptaciya fotosinteticheskogo apparata rastenij k usloviyam primorskih territorii Belogo morya. Dissertaciya biol. gylym.kand. Petrozavodsk, 2022, 139b.
6. Tarasova Zh.G. Pylezaderzhivayushhaya sposobnost' list'ev drevesno-kustarnikovyx porod v svyazi s sozdaniem sanitarno – zashhitnyx nasazhdenij //Byul. Botan. sada, 2023, B. 71 - 76
7. Our World in Data. Urbanization. – <https://ourworldindata.org/urbanization>. -03.06.2025

Г.Т. Бозшатаева*, Г.К.Турабаева, А.Т.Байкенжеева

к.б.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
к.п.н., ст. преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
к.б.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*Автор для корреспонденции: bozshataeva69@mail.ru

АДАПТАЦИЯ УРБАНОФЛОРЫ К ГОРОДСКИМ УСЛОВИЯМ

Аннотация

В статье рассматривается влияние растений на городскую среду и процессы их адаптации к условиям на основе исследований, проведенных в урбанофлоре города Шымкент. Большое значение в улучшении экологического состояния в городских условиях имеет урбанофлора. В городской урбанофлоре актуальной проблемой является определение и посадка устойчивых к ним видов растений, поглощающих канцерогенные вещества, пыль. Это связано с тем, что растения, особенно древовидные, выполняют функцию образования экоклимата, осадения веществ в воздухе. Влияние урбанофлоры на городскую среду определяется их ролью в очистке воздуха, регулировании температурного режима, защите почв, сохранении биоразнообразия. По результатам исследования были сделаны следующие выводы: адаптация к городской среде происходит за счет изменения структуры растений, количество устьиц сирени, растущих в относительно чистом районе составило - 162, а растущих вдоль автомагистрали – 95; урбанофлора влияет на температурный режим городской

среды, растения понижают температуру воздуха на 2-4 градуса; растения очищают воздух, поглощая пыль, установлено, что листья сирени из-за особенностей строения поглощает пыли больше, чем с вязом.

Ключевые слова: городская среда, урбанофлора, температурный режим, устьица, адаптация, сирень, вяз, растительность, пыльность, дендрофлора

G.T. Bozshatayeva*, **G.K. Turabayeva**, **A.T. Baikenzheyeva**

candidate of Biological Sciences, associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan

candidate of Pedagogical Sciences, senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan

candidate of Biological Sciences, associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan

*Corresponding author's email: bozshataeva69@mail.ru

ADAPTATION OF URBANOFLOTA TO URBAN CONDITIONS

Abstract

The article examines the influence of plants on the urban environment and the processes of their adaptation to conditions based on research conducted in the urban flora of Shymkent. Urban flora is of great importance in improving the ecological condition in urban conditions. In urban urban flora, an urgent problem is the identification and planting of plant species resistant to them, absorbing carcinogens and dust. This is due to the fact that plants, especially tree-like ones, perform the function of forming an ecoclimate, depositing substances in the air. The influence of urban flora on the urban environment is determined by their role in air purification, temperature regulation, soil protection, and biodiversity conservation. According to the results of the study, the following conclusions were drawn: adaptation to the urban environment occurs due to changes in the structure of plants, the number of lilac stomata growing in a relatively clean area was 162, and growing along highway 95; urban flora affects the temperature regime of the urban environment, plants lower the air temperature by 2-4 degrees; Plants purify the air by absorbing dust, and it has been found that lilac leaves absorb more dust than elm trees due to their structural features.

Keywords: urban flora, urban environment, temperature regime, stomata, adaptation, lilac, elm, vegetation, dustiness, dendroflora.

М.А. Дюсебаева*

х.ғ.д, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*Корреспондент авторы: moldyr.dyusebaeva@kaznu.kz

СОЗАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ АС ТҰЗЫН БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСПАЛАРДАН ТАЗАРТУ ҮРДСІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЛИТИЙДІ БӨЛУ

Түйін

Тұздың әлемдік өндірісі 2019 жылы 330 млн.тоннадан асып жаңа жетістікке жетті. Азия елдері 2019 жылы 160 млн.тоннадан астам көлемде ас тұзын пайдаланып, барлық өндірілетін натрий хлоридінің ең ірі тұтынушысы болып табылады. Бұл көрсеткіш аймақтық химиялық және өнеркәсіптік орындарға, сондай-ақ халық санына байланысты. Әлемдік хлор өндірісі 2018 жылғы 72,9 млн.тоннадан 2028 жылы 98 млн. тоннаға дейін немесе орташа есеппен 25,1 млн. тоннаға, жылына шамамен 3% - ға өседі деп болжануда. Сондықтан жоғары таза натрий хлоридіне деген әлемдік нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндіріске одан әрі жаңа технологияларды енгізу және ас тұзын қоспалардан тазарту әдістерін зерттеу ұсынылады.

Қаныққан ас тұзы ерітінділерінің сулы - тұзды жүйелерінің фазалық тепе - теңдігі 100 - 108,5°C температурадағы *Ca* және *Mg* хлоридтері мен сульфаттарының қоспаларының қатысуымен зерттелді және натрий хлоридінің кристалдану аймақтары анықталды. *NaCl* тазарту және литийді бөлу әдістері жасалды.

Кілттік сөздер: ас тұзы, натрий хлориді, кальций сульфаты, магний сульфаты, кристалдау.


Кіріспе

Қазіргі уақытқа дейін натрий хлоридін тазалаудың түрлі тәсілдері зерттелді. Тұздықтардан ас тұзын алудың келесі тәсілдері әзірленді:

- 1) кальций хлоридімен тікелей құю арқылы;
- 2) $CaCl_2$ қатысуымен тұздың политермиялық қайта кристалдау.

Екі жағдайда да таза, ұсақ кристалды тұз алынады және ерітінділерді буландыру бойынша қымбат операция жойылады [1].


Аталған тәсілдердің теориялық негізі 1-суретте $CaCl_2$ ерітінділерінде *NaCl* ерігіштік диаграммасы болып табылады, одан *NaCl* абсолютті ерігіштігі азаяды, ал ерігіштіктің температуралық коэффициенті ерітіндіде $CaCl_2$ концентрациясы жоғарылаған кезде өседі.



Сурет 1 - $CaCl_2$ ерітіндісіндегі *NaCl* ерігіштігі.

NaCl шығысы толығымен 2-суретте көрсетілгендей аралас тұздықтардың

концентрациясы мен салыстырмалы мөлшеріне байланысты [2].



Сурет 2 - 25,36% NaCl (тұз = 26,29% кезінде) бар CaCl₂ ерітіндісі бар тұздықты ығыстырғанда NaCl шығысы 31,5% (1) 35% (2) және 40% (3)

Тазалықтың жоғары дәрежелі тұзы (99,9% NaCl және одан да көп) тұздың техникалық сорттарын және NaCl*2H₂O қайта кристалданумен, сондай-ақ тұзды тұз қышқылымен өңдеу кезінде дайындайды[3].

Кесте 1-Құрамында түрлі CaCl₂ бар NaCl ерітінділерінің қайнау температурасы кезінде қаныққан ерітіндіні 0°C дейін салқындатқандағы NaCl шығысы [4].

CaCl ₂ құрамы, г/100 г H ₂ O	NaCl ерігіштігі г/100 г H ₂ O		Қайнау температурасы, °C	C _t / C ₀	NaCl шығымы
	0°C, C ₀	T _{қай.} , C _t			
0	35,6	39,7	107,7	1,15	4,1
20	17,2	52,2	109,2	1,52	9,0
40	4,0	13,6	113	3,40	9,6
58	0,8	7,4	119	9,25	6,6

Материалдар мен әдістер

Құрамында 98,2% негізгі заты бар NaCl - "чда" маркалы дистилденген сумен экстрагироваланды және белгілі әдістеме бойынша кристалданды. NaCl ерітінділері тұндырады, центрофугалау, содан кейін булады. Барлық түскен NaCl кристалдары жатыр ерітіндісінен декантация арқылы бөлініп, вакуумда 100°C кезінде екі сағат бойы кептірілді. Алынған кристалды NaCl негізгі заттың 99% құрайды және жақсы қалыптасқан, жылтыр кристалдар болып табылады [5].

Кесте 2-NaCl ерігіштігі

Температура, °C	NaCl, %	Температура, °C	NaCl, %
21,2	24,42	60	27,07
0	26,28	80	27,55
20	26,39	100	28,15
40	26,68	180	30,99

Тұздықтардың химиялық құрамын анықтау белгілі әдістермен жүргізілді. Натрий мен калий жалынды фотометрия әдісімен, хлор - Фольгардт, кальций, магний және SO_4^{2-} - иондарды өлшеу әдісімен анықталды [6]. Ыстық әлсіз қышқылдан (рН = 4-6) сүзілген SO_4 тұздығы барий сульфаты түрінде $BaCl_2$ ерітіндісімен тұндырылған, жуылған, кептірілген және өлшенген. Кальций иондарын кальций карбонаты түрінде Na_2CO_3 ерітіндісімен шығарды. Магний күйдіргіш натриймен сілтілі (рН= 10 - 12) ерітіндіден $Mg(OH)_2$ түрінде тұнады [7].

Нәтижелер және талқылау

Талдау нәтижелері бастапқы тұздардағы кальций, магний және SO_4^{2-} - иондардың жоғары құрамын көрсетеді, ол химиялық таза ас тұзына ҚР МЕМСТ талаптарын қанағаттандырмайды және ауыр металдардың, барийдің, темірдің, калийдің, мышьяқтың және аммоний тұздарының жоқтығын көрсетеді.

Жұмыстың көптеген авторлары тұздың техникалық сорттарын және $NaCl \cdot 2H_2O$ қайта кристалдануын (99,9% және одан да көп тазалықты) алуды, сондай-ақ HCl тұзын өңдеу кезінде көрсетеді. Алынған $NaCl$ химиялық таза. Натрий хлоридінің жатық ерітіндісін бастапқы көлемнің жартысына дейін қайтадан буландырады, түскен кристалдарды бөліп, кептіреді, сұрыптайды [6, 8].



Жүргізілген талдау әдістемелері:

1. Барийлі-карбонатты
2. $NaCl$ жоғары деңгейде тазалықты алудың тұзқышқыл тәсілі
3. Натрий хлоридін алудың реактивсіз тәсілі
4. Жоғары дәрежелі таза натрий хлоридін алудың барий-сілтілі әдісі.

Кесте 3. Ас тұзын зерттеу нәтижелері

№	Еріту әдісі \ зерттелетін көрсеткіштер	Cl^-	Ca^{2+}	Mg^{2+}	SO_3^{2-}	Fe_2O_3
1	2	3	4	5	6	7
1	$NaCl$ МЕСТ бойынша	59,44%	0,2%	0,32%	0,79%	0,01%
2	$NaCl$ қаныққан ерітіндіде кристалданған	59,59%	0,07%	0,11%	0,28%	0,014%
3	$NaCl$ қаныққан ерітінді + 1 мл $HCl + H_2O$ 100мл дейін	58,92%	0,04%	0,09%	0,20%	0,032%
4	$NaCl$ қаныққан ерітінді+ 5 мл $HCl + H_2O$ 100мл	58,66%	0,06%	0,15%	0,3%	0,067%
5	$NaCl$ қаныққан ерітінді+ 1,5 мл $HCl + H_2O$ до 100мл	58,45%	0,07%	0,15%	0,44%	0,023%
6	$NaCl$ қаныққан ерітінді +25 мл 1н $HCl + H_2O$ 100мл дейін	59,81%	0,08%	0,17%	0,54%	0,032%
7	$NaCl$ қаныққан ерітінді + 50мл 0,05н $HCl + H_2O$ 100мл дейін	58,07%	0,12%	0,22%	0,59%	0,04%
8	$NaCl$ қаныққан ерітінді+ 20мл 0,05н $HCl + H_2O$ 100мл	57,49%	0,06%	0,05%	0,24%	0,09%
9	$NaCl$ қаныққан ерітінді + 20мл $H_2O + 1мл 0,1нNaOH + 1мл 10\% Na_2CO_3 + H_2O$ 100мл	57,81%	0,06%	0,18%	0,44%	0,014%
10	$NaCl$ қаныққан ерітінді+ 20мл $H_2O + 0,5мл 0,1нNaOH + 2 тамшы 10\% Na_2CO_3 + H_2O$ 100мл дейін	60,32%	0,07%	0,13%	0,37%	0,016%

Элемент	Салм. %	Атомды, %
O	1.05	1.91
Na	36.91	46.90
Mg	0.21	0.25
S	0.00	0.00
Cl	61.72	50.85
Ca	0.11	0.08
Жалпы	100.00	



Сурет 3. Алынған ас тұзының химиялық құрамы

Қорытынды

Қорыта айтқанда бұл жұмыста Созақ кен орнының ас тұзының орташа химиялық құрамы және оны қоспалардан тазарту әдістері зерттелді. Жоғары температура кезінде натрий хлоридінің қатысуымен әдебиетте және зерттелген жүйелерді кальций магний, натрий сульфаттары мен хлоридтерінің қатысуымен талдау қаныққан тұздықтарды ыстық сүзу кезінде натрий хлоридін тазартудың принципті мүмкіндігін көрсетеді, CaCl_2 , MgCl_2 , Na_2SO_4 , CaSO_4 , MgSO_4 , KCl . Алайда, натрий хлоридін 2-3 қайта кристалдау кезінде жүргізілген көптеген тәжірибелер ерітіндіден сульфат-иондарды толық алып тастамауын және нәтижесінде олардың мақсатты өнімде химиялық таза ас тұзына қойылатын талаптарды қанағаттандырмайтын мөлшерде болуын көрсетеді. Әдеби деректер және натрий хлоридінің қатысуымен зерттелген сулы-тұз жүйелері негізінде техникалық ас тұзын терең тазартудың үш тәсілі әзірленді: барий-карбонатты, тұзды - қышқылды және барий-сілтілі. Алынған өнімдердің шығуы 75%-дан 91,5% - ға дейін құрайды және өнімнің құрамында 99,5- 99,91% дейін негізгі зат бар. Тазартылған тұздың құрамындағы 72-78 мг/кг литий хлоридін экстракция жасау арқылы бөліп алуға болады. Экстракция процессі кезінде литий хлоридінің экстрактқа өту дәрежесі 98,9-99,8% құрайды және ол қосымша өнім болып саналады. Алынған литий концентратынан литий тұздары алынады.

Әдебиеттер тізімі

1. Зайцев И.Д., Ткач Г.А., Стоев Н.Д., Производства соды. М.: Химия, 1986, 312 с.
2. Bertrain В.М. Salt. Mining Eng., 2010, Vol. 42, No. 6, P. 572-574.
3. Способ очистки натрия хлорида. Заявка 2012117705/05. РФ, ФГУП. Опубликовано: 2013.10.20
4. Способ получения поваренной соли. Заявка 93008171/26. РФ, АО «Уралкалий» Опубликовано: 2006.03.20
5. Способ получения хлорида натрия. Заявка 2011121143/05. Нидерланды, АКЦО Нобель Н.В. Опубликовано: 2014.01.20
6. Способ извлечения натрия из рассолов. Заявка 2231506. Великобритания, МКИ В 01 39/02. Опубл. 21.11.10 г.
7. Шихеева Л.В., Нечепуренко В.Я., Макарова Л.В., Данилов Н.П. Способ выделения сульфата натрия из сульфат-хлоридных растворов. М.: Академия, 2009, 127 с.
8. Chirico Antony N. Process for recovery of chemicals from saline water. Pat. USA. No. 854811 опубл. 25.12.09.

References

1. Zajcev I.D., Tkach G.A., Stoev N.D., Proizvodstva sody. M.: Himiya, 1986, 312 s.
2. Bertrain B.M. Salt. Mining Eng., 2010, Vol. 42, No. 6, P. 572-574.
3. Sposob ochistki natriya hlorida. Zayavka 2012117705/05. R\F, FGUP. Opublikovano: 2013.10.20
4. Sposob polucheniya povarennoj soli. Zayavka 93008171/26. R\F, AO «Uralkalij» Opublikovano: 2006.03.20
5. Sposob polucheniya hlorida natriya. Zayavka 201121143/05. Niderlandy, AKCO Nobel' N.V. Opublikovano: 2014.01.20
6. Sposob izvlecheniya natriya iz rassolov. Zayavka 2231506. Velikobritaniya, MKI V 01 39/02. Opubl. 21.11.10 g.
7. SHiheeva L.V., Nechepurenko V.YA., Makarova L.V., Danilov N.P. Sposob vydeleniya sul'fata natriya iz sul'fat-hloridnyh rastvorov. M.: Akademiya, 2009, 127 s.
8. Chirico Antony N. Process for recovery of chemicals from saline water. Pat. USA. No. 854811 opubl. 25.12.09.

М.А. Дюсебаева*

д.х.н, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*Корреспондент авторы: moldyr.dyusebaeva@kaznu.kz

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССА ОЧИСТКИ ПОВАРЕННОЙ СОЛИ СОЗАКСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ ОТ НЕОРГАНИЧЕСКИХ ПРИМЕСЕЙ И ВЫДЕЛЕНИЕ ЛИТИЯ

Аннотация

Мировое производство соли достигло нового рекорда более 330 млн. тонн в 2019 году. Азия является самым крупным потребителем хлорида натрия из всех регионов, в объеме более 160 млн. тонн в 2019 году. Обусловлен этот факт региональными химическими и промышленными секторами, а также численностью населения. Прогнозируется, что мировое производство хлора вырастет с 72,9 млн. тонн в 2018 году до 98 млн. тонн в 2028 году или же в среднем на 25,1 млн. тонн, около 3% в год. Поэтому целесообразно исследование способов очистки поваренной соли для дальнейшего введения в производство чтобы удовлетворить потребности мирового рынка в высокочистом хлориде натрия.

Изучены фазовые равновесия водно- солевых систем растворов насыщенной пищевой соли, в присутствии примесей хлоридов - и сульфатов Са и Mg при температурах 100 - 108,5°C и найдены области кристаллизации хлорида натрия. Разработаны методы очистки NaCl и разделения лития.

Ключевые слова: поваренная соль, хлорид натрия, сульфат кальция, сульфат магния, кристаллизация.

М.А. Dyusebaeva*

doctor of Chemical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*Corresponding author's email: moldyr.dyusebaeva@kaznu.kz

INVESTIGATION OF THE PURIFICATION PROCESS OF THE SALT OF THE SOZAK DEPOSIT FROM INORGANIC IMPURITIES AND THE RELEASE OF LITHIUM

Abstract

Global salt production reached a new record of more than 330 million tons in 2019. Asia is the largest consumer of sodium chloride of all regions, with more than 160 million tons in 2019. This is due to the regional chemical and industrial sectors, as well as the size of the population. Global chlorine production is projected to grow from 72.9 million tons in 2018 to 98 million tons in 2028, or an average of 25.1 million tons, about 3% per year. Therefore, it is advisable to study methods for cleaning table salt for further introduction into

production to meet the needs of the world market in high-purity sodium chloride.

Phase equilibria of water-salt systems of solutions of saturated food salt in the presence of impurities of chlorides and sulphates of Ca and Mg at temperatures of 100-108.5°C were studied and areas of crystallization of sodium chloride were found. Methods for cleaning NaCl have been developed and lithium separation.

Keywords: table salt, sodium chloride, calcium sulfate, magnesium sulfate, crystallization.

Р.А. Козыкеева*

т.ғ.к., доцент, Ө. Жәнибеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

*Корреспондент авторы: kozykееva@bk.ru

ҚАҚТАЛҒАН СОДА ӨНДІРІСІНІҢ ДИСТИЛЛЕР СҰЙЫҚТЫҒЫ ЖАРТЫ ГИДРАТТЫ КАЛЬЦИЙ СУЛЬФАТЫН АЛУ ПРОЦЕССИН ЗЕРТТЕУ

Түйін

Қақталған сода өндірісінде үлкен мөлшерде дистиллер сұйықтығы бөлінеді және ол толығымен қайта өңделмейді. Ол өндіріс қалдығы ретінде қалдықтар қоймасында жиналуда. Мұндай қалдықты жан жақты өңдеу толық жолға қойылмаған, сондықтан оның тиімді өңдеу жолдарын зерттеп қарастыру қажет. Дистиллер сұйықтығының құрамындағы кальций хлориді мен натрий сульфатының әрекеттесу реакциясының термодинамикалық көрсеткіштері температур 0-100°C (273-373K) аралығында есептеліп реакциялардың ΔG_r^0 мәні теріс санға тең және ол кальций хлориді мен натрий сульфатының әрекеттесіп NaCl , $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$, $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, MgSO_4 және NaOH түзілу мүмкіндігін көрсетеді. Температура өскен сайын реакцияның жүру мүмкіндігі төмендейді, өйткені ΔG_r^0 теріс мәні азаяды. Зерттеу нәтижесінде тұнбаның негізгі құрамында CaO және SO_4^{2-} кальций сульфаты $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ қосылысы түрінде болатындығы зерттеліп анықталды. Кальций хлоридінің натрий сульфатымен әрекеттесіп температура 95°C ыдырау дәрежесі 96,4% құрады. Тұнбаның құрамындағы $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ түзілуі РФА және РЕМ арқылы талдау жасалып дәлелденді.

Кілттік сөздер: қақталған сода, дистиллер сұйықтығы, гипс, жартыгидратты кальций сульфаты.

Кіріспе

Қақталған сода Қазақстанда шығарылмайды және тапшы өнім болып табылады және де халық шаруашылығының көптеген салаларында қолданылады. Химиялық өндірістерге қолданылатын қақталған сода Қазақстан Республикасында жылына 700 мың тоннаны құрайды, ал Орталық Азия Республикаларын есептегенде бұл қолдану саны 2-3 есеге артады. Қақталған сода өндірісін ұйымдастыру үшін Оңтүстік аймақта үлкен табиғи шикізат қорлары – натрий хлоридінің, натрий сульфатының, әк тасының және Ақтау қаласында аммиак өндірісі қойылған. Осыған орай оңтүстік аймақта қақталған сода өндірісін ұйымдастыру қолға алынуда [1, 2].

Қақталған сода өндіретін аммиакты әдістің де үлкен көлемде қолданылғанымен оның да айтарлықтай кемшіліктері де бар: 1 тонна содадан 10 м³ заласыздандырылмайтын хлоридті сұйықтықтар, құрамында кальций карбонаты, кальций және натрий хлоридті шлам түзіледі.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Қазіргі уақытта қақталған сода өндірістері жұмыс істеп тұрған Қытай, Индия, Польша, Украина и Ресей жатады және онда жалпы мөлшері 1,0 млрд. тонн қатты кальций- и карбонат құрамды қалдық жиналған. Жыл сайын оның құрамы 1,0-1,5 млн. тоннаға ұлғайуда және ол қошаған ортаны, өзендер мен көлдерді, егістік алқаптарды ластауда. Мұндай мәселелер дүние жүзі бойынша сода зауыттарында байқалады [1].

Экологиялық және қаржылық есептеулер қалдықты қайта өңдеуде айтарлықтай келесі жетістіктер бар екенін көрсетті:

- өзендерге құйылатын дистиллер сұйықтығының мөлшерін қысқарту (1% азайту, немесе 42 x 10³ м³ жылына);
- Бұл тұнбаға түскен тұздарды тұз өндіру өнеркәсіптерінде қолдануға әсер етеді;
- тұз қышқылын тұтынуды 2,1% азайтады (NaCl қайтаруды 26,8 x 10⁹ г/ ж).

- Пайдалы кіріс жылына 135 000 евроны құрайды. Жалпы тікелей келетін пайда жылына 363 000 евроны құрайды.

Көптеген әлемнің дамыған елдерінде қақталған соданы Сольве әдісімен алады [1]. Қақталған соданы үлкен мөлшерде химиялық, металлургиялық, мұнай химиялық, шыны және жуғыш құралдар салаларында қолданады. Химиялық өндірістерде орто, полифосфаттар және натрий гидроксиді өндіретін салаларда айтарлықтай мөлшерде соданы қолданады. 1991жылдың мәліметтері бойынша ТМД және шетелдерде 70 – тен астам сода өндіретін зауыттар бар, олардың негізгілері әлемнің 34 елдерінде орналасқан [2,3]. Осылармен қатар зауыттардың маңайындағы территорияларға 2800 млн. тоннадан астам құрамында хлор ионы бар қалдықтар жиналған. Тек қана Ресейдің өзінде 40 млн.тоннадан астам құрамында кальций және карбонат иондары бар қатты қалдықтар жиналған және жыл сайын 28 – 30млн. м³ құрамында хлор ионы бар қалдықтар түзіледі, осының барлығы қоршаған ортаны айтарлықтай ластауда.

Бірақта бұл әдіс те кейбір кемшіліктерімен сипатталады: натрийдің қолданылуы 2/3, ал хлор және кальцийді іс жүзінде қоданбайды. Осыдан барып 1 тонна сода алғанда шығарылатын 10м³ ағын сулары, ал ағынның құрамы: 10-14% CaCl₂, 5-7% NaCl және т.б. зиянды қоспалардан тұрады, және де залалсыздандыруды қажет етеді; энергияның шығыны айтарлықтай (эк тасын күйдіруге кеткен); капиталдың көп шығыны (қондырғылардың ірілігі).

Польша ғалымдары лабораториялық жағдайда таза реагенттерден 25% күкірт қышқылын және натрий сульфатын пайдалана отырып дистиллерлі шлам өндеу мүмкіндігін зерттеді. Ертінді ортасының рН 11-ден 3-ке азайта отырып және ақырын араластырып 250 мкм кристаллды өлшемдегі гипс алды. Дегенмен хлор иондарын 0,1% NaCl дейін шаюға тонна гипске 11,4 тонн су шығындалады, ал 0,01% NaCl құрамды 1,0 тонна гипске 22,9 тонна су қажет, сонымен қатар натрий сульфатының және күкір қышқылының қымбат реагенттері қолданылады[4].

Дистиллерлі сұйықтықты утилизациялау сұрақтары бойынша тағы да басқа жұмыстар көптеп келтірілген [5-8]. Бұл жұмыстарда экономикалық пайдадан басқа, экологиялық артықшылықтардың бар екені байқалады.

Қытай ғалымдары Yanmin Shen и Tiangui Wang [9] натрий сульфаты тұзын пайдаланып дистеллерлі сұйықтықтың моделдік құрамынан натрий хлориді ертіндісін алуды зерттеді және 45-75°C температура аралығында 90%-ға Ca²⁺ ионының шөгуі жүрген стехиометриялық санында 20 мин. аралықта натрий сульфатын бөлек қосқан кезде үрдістің ұзақтығы 50 мин, ал натрий сульфатының артық мөлшері Ca²⁺ ионының тұнбаға түсуін баяулатады. Дегенмен, осы мақалада гипстің сүзу жылдамдығын, Қ:С қатынасының әсері, алынған натрий хлориді ертіндісінің құрамы зерттелмеген.

Жүргізілген қысқаша аналитикалық шолу әлемде табиғи натрий сульфатын пайдану арқылы дистиллерлі сұйықтықты қайта өндеу технологиясының жоқ екендігін көрсетті.

Тәжірибелік бөлім.

Кальций хлориді мен натрий сульфатының әрекеттесуі нәтижесінде бірнеше реакция жүруі мүмкін. Бастапқыда натрий сульфатымен кальций хлориді әрекеттесіп келесі (1) реакция бойынша жүреді. Бұл реакцияның жүру мүмкіндігін Гиббс энергиясын (ΔG_T^0) температура 0-100°C (273-373K) есептеуді арнайы Outokumpu компаниясы жасаған программа HSC-51комплексі, программа Reaction Equations пайдаланып қосылыстардың мәні ΔH_T^0 және S_T^0 арқылы есептейді [10].

Қосылыстардың термодинамикалық есептеулері Гиббс энергиясының (ΔG_T^0) температураға (t) қатысты реакциялардың мәндері кесте 1 көрсетілген.

Кесте 1 – Гиббс (ΔG_T^0) энергиясының температураға тәуелділігі

1. $\text{Na}_2\text{SO}_4 + \text{CaCl}_2 + 0,5\text{H}_2\text{O} = 2\text{NaCl} + \text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$					
T, °C	ΔH_T^0 , кДж	ΔS^0 , Дж/К	ΔG_T^0 , кДж	K	LogK
0	-76,251	-9,703	-73,6	1,19E+14	14,076
10	-88,937	-56,102	-73,051	3,00E+13	13,477
20	-89,595	-58,388	-72,479	8,23E+12	12,916
30	-90,238	-60,546	-71,884	2,44E+12	12,387
40	-90,866	-62,582	-71,268	7,74E+11	11,889
50	-91,478	-64,505	-70,633	2,62E+11	11,418
60	-92,074	-66,323	-69,978	9,39E+10	10,973
70	-92,655	-68,041	-69,306	3,56E+10	10,551
80	-93,221	-69,667	-68,618	1,41E+10	10,15
90	-93,772	-71,206	-67,913	5,88E+09	9,769
100	-94,309	-72,666	-67,194	2,55E+09	9,407
2. $\text{CaCl}_2 + \text{MgCl}_2 + \text{Ca}(\text{OH})_2 + 3\text{Na}_2\text{SO}_4 + 4\text{H}_2\text{O} = 2\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}_{\text{TB}} + \text{MgSO}_4 + 4\text{NaCl} + 2\text{NaOH}$					
T, °C	ΔH_T^0 , кДж	ΔS^0 , Дж/К	ΔG_T^0 , кДж	K	Log(K)
0	-70,213	-13,252	-66,593	5,44E+12	12,736
10	-95,578	-106,027	-65,556	1,24E+12	12,095
20	-96,886	-110,567	-64,473	3,08E+11	11,489
30	-98,159	-114,838	-63,346	8,24E+10	10,916
40	-99,394	-118,845	-62,177	2,36E+10	10,372
50	-100,595	-122,622	-60,97	7,18E+09	9,856
60	-101,766	-126,19	-59,725	2,32E+09	9,365
70	-102,908	-129,57	-58,446	7,90E+08	8,898
80	-104,026	-132,78	-57,135	2,83E+08	8,452
90	-105,12	-135,834	-55,791	1,06E+08	8,026
100	-106,192	-138,747	-54,418	4,15E+07	7,618

Кесте көрсетілгендей температур 0-100°C (273-373K) аралығында реакция 1 және 2 ΔG_T^0 мәні теріс санға тең және ол кальций хлориді мен натрий сульфатының әрекеттесіп NaCl, $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$, $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, MgSO_4 және NaOH түзілу мүмкіндігін көрсетеді.

Температура өскен сайын реакцияның жүру мүмкіндігі төмендейді, өйткені ΔG_T^0 теріс мәні азаяды. Алынған термодинамикалық мәліметтер тәжірибе жүргізуде қолданылып ескерілді.

Зерттеуге табиғи натрий сульфаты және дистиллер сұйықтығы қолданылды. Шикізаттың минералды құрамы: Na_2SO_4 - 92,95%; CaSO_4 – 3,2%; $\text{MgSO}_4 \cdot \text{H}_2\text{O}$ - 0,57%; Fe_2O_3 - 0,09%; Al_2O_3 - 0,40%; е.з. - 1,42%; ылғал - 0,56%.

Тәжірибеде зерттеуге 200 г дистиллер сұйықтығы; натрий сульфатының шығыны 84÷100% стехиометрия бойынша. Процесте ыдыртау уақыты 15 ÷ 60 минут, процестің температурасы 70-95°C құрайды.

Нәтижелер мен талқылау.

Зерттеу нәтижелері келесі 2 және 3 кестеде көрсетілген. 2 кестеде көрсетілгендей температура 70°C ден 95°C жоғарылағанда ерітіндідегі Ca^{2+} ионы өзгеріссіз 0,13-0,16% аралығында болады, ал қоспа заттар Fe^{3+} және Al^{3+} 0,001-0,003% аралығында болып ыдырау дәрежесіне әсер етпейді. Қалған қоспалар Ca, Mg, Fe, Al және е.з. кальций сульфатымен бірге тұнбаға түседі.

Кесте 2 – Температураның кальций хлоридінің ыдырау процессіне әсері

№	Температура °C	Сұйықтық құрамы, масс.%							Ыдырау дәрежесі, %
		Ca^{2+}	SO_4^{2-}	Mg^{2+}	Na^+	Cl^-	Fe^{3+}	Al^{3+}	
1	70	0,157	0,71	0,002	6,97	9,57	0,002	0,003	97,0
2	80	0,132	1,02	0,001	8,41	9,39	0,002	0,002	94,6
3	90	0,158	0,79	0,001	5,93	7,39	0,001	0,001	96,4
4	95	0,161	0,12	-	7,36	10,1	0,001	0,001	93,6


Кесте 3 температура 70-95°C және процестің уақыты 45 минутта алынған тұнбаның құрамы көрсетілген.

Кесте 3 – Тұнбадағы кальций сульфатының құрамы


№	Температура, °C	Тұнбаның құрамы, масс.%								Ыдырау дәрежесі, %
		CaO	SO_4^{2-}	MgO	Na_2O	Cl	CO_2	Fe_2O_3	H_2O	
1	90	35,18	61,19	0,14	0,54	0,17	1,04	0,62	0,37	96,4
2	95	37,04	58,94	0,14	0,62	0,24	1,04	0,76	0,24	93,6
3	100	36,76	59,02	0,13	0,82	0,31	1,04	0,75	0,22	92,6

Кесте 3 көрсетілгендей тұнбаның негізгі құрамында CaO және SO_4^{2-} кальций сульфаты қосылысы түрінде болады. Сонымен қатар тұнбада аздаған мөлшерде қоспа заттар MgO 0,13÷0,14%, Fe_2O_3 0,61÷0,76%, Al_2O_3 0,71÷0,89%, SiO_2 0,08÷0,09% кездеседі. Температура 95°C кальций хлоридінің ыдырау дәрежесі 96,4% құрады. Зерттелген температура 90-95°C аралығында жарты гидратты кальций сульфаты түзілетін температур 95°C болып саналады.

Кальций сульфатының кристаллы және оның өлшемдері РЭМ түсірілген микрофотографияда көрсетілген (сурет 1,2). Кристалды орташа өлшемі және меншікті беті сканерлі фотоседиментограф ФСХ-6 жабдығында жүргізілді.




а- кристаллдың ұзындығы



б- кристаллдың қалыңдығы

Сурет 1 – Температура 90°C алынған жарты гидратты кальций сульфатының микрофотографиясы



а- кристаллдың ұзындығы

б- кристаллдың қалыңдығы

Сурет 2 - Температура 95°C алынған қосгидратты кальций сульфатының микрофотографиясы

Сурет 2 және 3, көрсетілгендей кальций сульфаты температура 90°C және 95°C негізінен ұзартылған призма түрінде кристаллға түседі және кристалдың көпшілігі жарты гидратты ине тәрізді кристалл түрінде призма алаңында орналасқан кальций сульфатына жатады. Тұнбада тек қана гипстен басқа жарты гидраттың түзілуі байқалады. Температура 95°C түзілген кристалдың өлшемі аздап үлкендеу келеді және оның орташа шеңбері 49,6 мкм құрайды және кристалдары жіңішке келеді.


Тәжірибе нәтижесінде алынған көрсеткіштер бойынша түзілген тұнба кальций сульфатын ДТА, РФА и ИК-спектроскопиялық талдау әдістерімен зерттеулер жүргізілді (сурет 3, 4).

Температура 90°C алынған тұнбада (сурет 3), эндотермиялық эффект 146-170°C, гипстің дегидратациясына сәйкес келеді. ДТА талдауы бойынша температура 95°C алынған тұнбаның дифференциальды сызығында (сурет 3), анық эндотермиялық эффект 160-180°C байқалып $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ дегидратациясына сәйкес келеді, өйткені жартыгидратты кальций сульфатының сусызданып ангидритке өткенін көрсетеді. Сонымен суреттер 3 көрсетілген дериватограмма температура 95°C жарты гидратты кальций сульфатының түзілгенін дәлелдейді.



Сурет 3 - Температура 95°C алынған гипс- $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ ДТА талдауы



Келесі 4 суретте тұнбаның дифрактограммасы құрамында кристаллогидрат $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ қатысты дифракциялы максимум $d=1,82, 3,05, 3,79, 4,27 \text{ \AA}$ және $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ қатысты дифракциялы максимум $d=1,84, 2,78, 2,98, 3,45, 5,98 \text{ \AA}$ сәйкес байқалады, сондай ақ NaCl дифракциялы максимум $d=1,99 \text{ \AA}$ сәйкес келеді.



Сурет4 - Температура 95°C алынған жартыгидратты гипстің дифрактограммасы

Сумен шайылған кальций сульфаты $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ кристалының ұзындығы 41,15 - 70,42 мкм және қалыңдығы 1,70 - 20,88 мкм құрайды. Тұнбаның элементті құрамы суретте 5 көрсетілген.

Элемент	Салмағы %	Атомды %	Қосылыс, %
O	56.48	74.48	
Na	0.12	0.16	
S	18.61	12.25	
Cl	0.09	0.05	NaCl-0,14
Ca	24.44	12.87	CaSO ₄ ·0,5 H ₂ O-87,92



Сурет 5 - Температура 90°C сумен шайылған жартыгидратты гипстің элементті құрамы

Сумен жуылып шайылған тұнбаның құрамында NaCl-0,14% және 87,92% $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ бар екендігі анықталды.

Нәтижесінде шайылған жартыгидратты кальций сульфатының құрамында $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ және $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ кездесетіндігі анықталды. Сондықтан толық жарты гидратты гипсті алу үшін қоспа жарты және қосгидратты кальций сульфатын температура 140-160°C қақтау қажет.

Қорытынды

Дистиллер сұйықтығының құрамындағы кальций хлориді мен натрий сульфатының әрекеттесу реакциясының термодинамикалық көрсеткіштері температур 0-100°C (273-373K)

аралығында есептеліп реакциялардың ΔG_T^0 мәні теріс санға тең және ол кальций хлориді мен натрий сульфатының әрекеттесіп NaCl , $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$, $\text{CaSO}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$, MgSO_4 және NaOH түзілу мүмкіндігін көрсетті. Температура өскен сайын реакцияның жүру мүмкіндігі төмендейді, өйткені ΔG_T^0 теріс мәні азаяды.

Зерттеу нәтижесінде тұнбаның негізгі құрамында CaO және SO_4^{2-} кальций сульфаты $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ қосылысы түрінде болатындығы зерттеліп анықталды. Кальций хлоридінің натрий сульфатымен әрекеттесіп температура 95°C сыдырау дәрежесі $96,4\%$ құрады. Тұнбаның құрамындағы $\text{CaSO}_4 \cdot 0,5\text{H}_2\text{O}$ түзілуі РФА және РЕМ арқылы талдау жасалып дәлелденді.

Әдебиеттер тізімі

1. Крашенинников С.А. Технология соды М.: Химия, 2001, 304с.
2. Зайцев И.Д., Ткач Г.А., Стоев Н.Д. Производство соды. Переизд. М.: Химия, 2003, 312с.
3. Исарев Л.А. Содовая промышленность за рубежом // Обзорная информация, серия «Содовая промышленность», М. НИИТЭХИМ, 2014, С. 25-28.
4. Kasikowski T., Buczkowski R., Cichosz M. Utilization of synthetic soda-ash industry by products // Int. J. Production Economics, 2008, no. 112, pp. 971-984.
5. Kasikowski T., Buczkowski R., Cichosz M., Lemanowska E. Combined distiller waste utilization and combustion gases desulphurization metod // Resources, Conservation and Reccycling, 2007, 51, pp. 665-690.
6. Туктарова М.Р., Опарина Ф.Р., Исламутдинова А.А. Утилизация дистиллерной жидкости с получением волластонита. /Сборник материалов 63-ей научно-технической конференции студентов, аспирантов и молодых ученых: Кн.2. Уфа: УГНТУ, 2012, С.370-372.
